

Күні: 11.12.2021

Қатысқаны:

Қатыспағаны:5

Күн тәртібінде:

1. Тәуелсіздігіміздің 30-жылдығына байланысты мектепте өткізілген іс-шаралардың қорытындысы
2. Мектепте жасалып жатқан авторлық жұмыстардың қорытындысы.
3. 2022 жылдың 5-қаңтарында облыстық көлемде семинарға дайындық жөнінде.
4. Ағымдағы мәселе.

Бірінші мәселе:Мектеп директоры А.А.Түркестанбаева.

Тәуелсіздіктің 30-жылдығына арналған іс шараның қорытындысы.Жалпы біздің мектепте атқарылатын жұмыстарымыз, мектептің жылдық бекітілген жоспары бойынша уақытылы орындалып келе жатыр.Арасында уақыттың жетіспеуіне байланысты кейбір іс шаралар орындалмай қалған жағдайда ол келесі айда міндетті түрде орындалып жатыр.

Тәуелсіздіктің 30-жылдығына байланысты облыстық деңгейде облыстан адамдар келіп қатысу туралы ұсынысты бізге аудандық білім бөлімінің басшылары ұсыныс ретіндетастаған болатын.Сондықтан сол ұсынысты біз қабыл алып 8-ші желтоқсанға үлкен іс шараны өткізуге атсалысқан болатынбыз.Бұл іс шара жоғары дәрежеде өткізілді.Осы іс шараның жоғары дәрежеде өтуіне атсалысқан ұстаздар берілген тапсырманы үлкен жауапкершілікпен атқарып шықты .Бітіріп кеткен түлектер келіп ұстаздарына рақметтерін, жақсы лебіздерін білдіріп жақсы көңіл жүйде кетті. Ардагер ұстаздарымыз келіп тілектерін рақметін айтып жылы лебіздерін білдіріп кетті.

Осы ісшараның өтуіне атсалысқан ұстаздарға және тәрбие ісі жөніндегі орынбасарларына бұйрықпен еңбек кітапшаларына алғыс жарияланатын болады .

Екінші мәселе: Биылғы жылғы жазылған 20 авторлық жұмыстардың талапқа сәйкес болғандықтан облыстық деңгейге өтіп отыр, кейбір жерлеріне толықтырулар қажет.Ол жұмыстарды 20-шы желтоқсанға дейін толықтыру керек . Осы жұмыс тоқтап қалмай 20 авторлық жұмысқа келесі жылы тағы 20 жұмыс қосылу керек.Жыл сайын жоғары санатты мұғалімдеріміздің қатары көбейіп келе жатыр .Бізде қазір зерттеуші және жоғары санатты 18 мұғаліміміз бар .

Үшінші мәселе:2022 жылы 5-ші қаңтарда авторлық бағдарламасын жасап ауданнан өткен облысқа бара жатқан ұстаздармен бірлесіп жәнеде толық аяқтай алмай жатқан ұстаздарымыз бар.Барлығымыз ұйымдасқан түрде 5-ші қаңтарда өткізілетін семинарда көрсетуіміз керек .Сондықтан осы жұмысты қалай өткізілу жөнінде бағдарламасы жасалу керек .

Ағымдағы мәселе:Біздің ұжымның атынан аты-жөні жоқ домалақ арыз жазылған екен. Педагогикалық кеңесте арыз не туралы жазылғаны баяндалды және осы арыз жөнінде мектеп мұғалімдері өз түсініктерін қағаз жүзінде жазып берді.Бұл түсініктерді ұжымның бірнеше мұғалімдері тексеріп , тексеру нәтижесінде ешқандай мұғалімнің қатысы жоқ екені анықталды.

Шешім:

1. Тәуелсіздіктің 30-жылдығына белсене қатысқан мұғалімдер мен тәрбие ісі жөніндегі орынбасарларына бұйрықпен еңбек кітапшаларына алғыс жариялансын.
2. 20- авторлық жұмысқа толықтырулар енгізілсін.
3. 2022 жылы 5-қаңтарда өткізілетін семинарға дайындық іс-шаралары жүргізілсін.
4. 80 мұғалімнің түсініктемесі толық қаралып ешкімнің қатысы жоқ екені анықталды. «Біздің атымызға жағылған күйе деп санайық. Бұл арыздың бізге ешқандай қатысы жоқ»-деген шешім қабылданды.

Педагогикалық кеңестің төрайымы
Мектеп директоры:
Хатшы:



А.А.Туркестанбаева
А.Т. Берлибекова